

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті 8D02310 - Филология мамандығы РнД докторанты Пансат Жансая Мүсильхановнаның «Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипаты» атты философия докторы (РнД) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының қолжазбасына

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

Р/с №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипаты» деген тақырыпқа жазылған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламасына сәйкес орындалған: - Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы - ҚР Үкіметі жанындағы ЖІТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысанады бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия 2023 жылдың 8 қыркүйегінде Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған ғылым дамуының «Елдің зияткерлік әлеуеті» бағым бағытына және «Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер» ғылыми бағыты сәйкес келеді.

		Ресурстардың Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маныздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды. ал оның маныздылығы ашылған/ашылмаған.	«Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипаты» тақырыбындағы зерттеу жұмысы қазақ дүниетанымындағы «көк» ұғымының семантикалық, символдық және мәдени катпарларын жан-жақты талдауы арқылы лингвомәдениеттану ғылымына елеулі үлес қосады. Жұмыстың маныздылығы қазақ тіліндегі «көк» концептісін әрі тілдік бірлік, әрі мәдени код ретінде қарастырып, оның мифологиялық, этнолингвистикалық, поэтикалық және прагматикалық аспектілерін кешенді түрде ашып көрсетуінен байқалады. Автор «көк» лексемасының түркі мифологиясындағы аспанмен, құдіретпен, тектілікпен, күш-қуатпен, тазалықпен байланысты ассоциацияларын талдап, тарихи-мәдени жағдайы орны мен қазақ тілдік санысындағы қызметін нақты мысалдармен дәлелдейді. Зерттеуде «көк» концептісінің мақал-мәтелдердегі, фразеологизмдердегі, жырғаулар мен ақындық тіліндегі, қазіргі медиасферадағы көріністері салыстырмалы түрде жүйеленген. Жұмыстың ғылыми маныздылығы «көк» концептісіне қатысты лингвомәдени өрісті модельдеу, концептінің ядросы мен перифериясын айқындау және оның мәдени-символдық қызметін түсіндіру арқылы анық көрсетілген. Бұл зерттеу этнолингвистика, концептология және лингвомәдениеттану бағыттарын дамытуға үлес қосады деп бағалаймыз.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Пансат Жансая Мұсипханованың өзі жазу деңгейі

		1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	жоғары, академиялық жазу, кагидаттары мен стилін ментерген, өзіндік сыни көзқарасы қалыптасқан, ғылыми ойды нақты жеткізе білген. Өзінің жеке пайымдауларын ұсына отырып, тылымн ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздей алған. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерделенген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Қазақ тіліндегі «көк» концептісін тек түстің атауы ретінде емес, копқабаты мәдени-символдық мәнге ие лингвомәдени бірлік ретінде қарастыру, оның тарихи-мифологиялық, этнолингвистикалық, поэтикалық және заманауи дискурстық қырларын кешенді талдау – арнайы әрі толық зерттелмеген тын бағыт. «Көк» концептісі түркілік дүниетанымдағы аспан, киелілік, тектілік, рухани күш, табиғи кеңістік, уақыт пен құдіреттілік сияқты мазмұндық қаптардаға ие бола отырып, ұлттық-мәдени қолты сақтаушы, тарихи жағты тіркеуші, символдық мән қалыптастырушы құрал ретінде қызмет етеді. Қазақ тіл білімінде тұр-тұс атаулары, оның ішінде «көк» лексемасының этимологиясы мен семантикалық дамуы жөнінде еңбектер болғанымен, «көк» концептісін лингвомәдени және дискурстық аспектіде, яғни оның тілдік санадағы ассоциациялық өрісін, мәдени танбалық қызметін, көркем мәтіндегі, фольклордағы, діни мәтіндердегі, медициналық ретасты символдық трансформациясын жүйелі талдаған зерттеулер жеткіліксіз. Осыған байланысты «көк» концептісінің лингвомәдени сипатын кешенді түрде қарастыру, оның мәдени-символдық табиғатын, концептуалдық құрылымын,

	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Ұлттық дүниетанымдағы орнын айқындау және қазіргі ақпараттық кеңістіктегі дискурстық қызметін анықтау – тақырыптың өзектілігін айқындайтын негізгі факторлар болып табылады. Диссертацияда көтерілген мәселелер қазіргі антропоөзектік бағыттағы тіл білімінің даму трендтерімен үйлеседі және қазақ мәдени-тілдік әлем бейнесін тереңірек тануға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, ғылыми жұмыстың өзектілігі нақты, жан-жақты және жеткілікті түрде дәлелденген деп есептейміз.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты және міндеттері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан: 1) толықтай өзара байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Зерттеуде диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын өзара логикалық тұрғыдан сабақтастырып, жүйелі түрде берген. Атап айтқанда, бірінші бөлімде (мыс., 15–60 беттер) «көк» концептісінің лингвомәдени табиғатын айқындайтын теориялық-әдіснамалық негіздер баяндалып, түркі дүниетанымындағы «көк» ұтымының тарихи-этнолингвистикалық, мифологиялық және

			символдық сипаттары жан-жақты талданған. Автор «көк» түсінің семантикалық өрісін, оның мифопоэтикалық мазмұнын, қазақтың дәстүрлі танымындағы аспан, құт, киелілік, тектілік, тіршілік бастауы сияқты когнитивтік-концептуалдық қабағтарын ғылыми әдебиеттер мен нақты тілдік деректер арқылы дәйектеген. Сонымен қатар, «көк» концептісінің тілдік көріністері (фразеологизмдер, тұрақты тіркестер, мәтін үзінділері, ауыз әдебиеті үлгілері) жүйеленіп, оның ұлттық-мәдени код ретіндегі қызметі теориялық деңгейде түсіндірілген. Екінші бөлімде (61–130 беттер) «көк» концептісіне когнитивтік және лингвомәдени талдау жасалған. Автор «көк» концептісінің құрылымын анықтап, оның ядролық және перифериялық компоненттерін айқындаған; тұтас концептуалдық өрісін ұтымды (фактуалды), бейнесі-ассоциативтік және аксенологиялық (күнделіктілік) қырлар арқылы жіктеген. Мифтік мәтіндерге, аңыздарға, жыраулар поэзиясына, этнографиялық деректерге сүйене отырып, «көк» концептісінің ұлттық танымдағы орны ашылып, аспан құлпыт, көк тәңірі, көк бөрі, көк түрік, көк майса, көк өрім сияқты мәдени-символдық бірліктердің мазмұны мен семантикасы сараланған. Зерттеуде «көк» концептісінің қазіргі медиалық-ресталы қолданысына да талдау жасалған. Оның акпараттық кеністікте, жарнамада, публицистикада, саяси дискурста символдық мәнге ие болып, жана контексттерде қайта мағыналанып (семантикалық трансформацияға ұшырап), идеологиялық құрал ретінде қызмет ете бастау үрдісі көрсетілген. Тілдік туғандардың «көк» сөзіне қатысты қабылдауы мен ассоциациялық өрісін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижелері талданып,
--	--	--	--

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (кандидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар:</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Ұлттық танымдағы «көк» концептісінің бүтінді көріністері мен өзгеріс бағыты қорытындыланған. Сауалнама нәтижелері негізінде ғылыми-практикалық ұсыныстар берілген. Жаппы алғанда, зерттеу жұмысының барлық бөлімдері бір-бірімен логикалық байланысқан, теориялық талдау мен тәжірибелік материал өзара қабыса отырып, зерттеу мақсаты мен міндеттерін толық жүзеге асыруға бағытталған деп бағалауға болады. Автордың жаңа тұжырымдары мен кандидаттары жеткілікті түрде дәлелденіп, бұрынғы зерттеулермен салыстырмалы сыни талдау жасалған.
5.	Ғылыми жанашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен кандидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа:</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады): 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Оның жанашылдығы зерттеу жұмысында «көк» концептісінің алғаш рет лингвомәдени және дискурстық аспектіде кешенді түрде талдануымен, «көк» ұғымының түркілік дүниетанымдағы тарихи-мифологиялық, концептуалдық және мәдени-символдық қызметінің жүйелі түрде сипаттауымен, сондай-ақ концепт табиғатын анықтауда когнитивтік лингвистика, этнолингвистика және дискурс талдауының теориялық тұтырларының сабақтастырыла қолданылуымен айқындалады. Зерттеуде «көк» концептісінің құрылымын ұтымдық, бейнесі-ассоциативтік және аксиологиялық деңгейлерге

Итак, если мы хотим рассмотреть вопрос о том, что такое искусство, то мы должны обратиться к его сущности. Искусство — это деятельность человека, направленная на создание произведений, которые вызывают у зрителя эстетическое наслаждение. Это деятельность, которая требует определенных знаний, навыков и таланта. Искусство — это способ выражения человеческих чувств и эмоций, способ общения с миром и другими людьми. Искусство — это то, что делает нашу жизнь более интересной и красивой.

Искусство — это деятельность, направленная на создание произведений, которые вызывают у зрителя эстетическое наслаждение. Это деятельность, которая требует определенных знаний, навыков и таланта. Искусство — это способ выражения человеческих чувств и эмоций, способ общения с миром и другими людьми. Искусство — это то, что делает нашу жизнь более интересной и красивой.

Искусство — это деятельность, направленная на создание произведений, которые вызывают у зрителя эстетическое наслаждение. Это деятельность, которая требует определенных знаний, навыков и таланта. Искусство — это способ выражения человеческих чувств и эмоций, способ общения с миром и другими людьми. Искусство — это то, что делает нашу жизнь более интересной и красивой.

Искусство — это деятельность, направленная на создание произведений, которые вызывают у зрителя эстетическое наслаждение. Это деятельность, которая требует определенных знаний, навыков и таланта. Искусство — это способ выражения человеческих чувств и эмоций, способ общения с миром и другими людьми. Искусство — это то, что делает нашу жизнь более интересной и красивой.

		5.2 Диссертацияның қорытындылары жана болып табыла ма? 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады) 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе? 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	әдістемелік үлгі ретінде құндылыққа ие. Жалпы, диссертацияда ұсынылған теориялық ұстанымдар, жинақталған материалдар мен жасалған талдаулар қазақ тіліндегі түстер жүйесін, соның ішінде «көк» концептісін жана ғылыми парадигмада қарастыруға мүмкіндік беріп, зерттеу нәтижелерінің толықтай жаңашыл екенін көрсетті. Диссертацияда ғылыми нәтижелерге негізделген жана қорытындылар бар. Алынған нәтижелердің жаңашылығы Scopus базасына кіретін халықаралық рейтингтік бағылымдарда мақалалардың жариялануымен расталды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан толық негізделген, әдеби деректер мен эмпирикалық мысалдарға сүйеніп дәлелденген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі кағидааттар	Әр кағидаат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Кағидаат дәлелденді ме?	1-тұжырым. Зерттеуде түр-түс концептісі тіл, мәдениет және этнос таңымы арасын жалғастырып тұратын маңызды

	1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жана ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жанашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Колдану денгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің колдану денгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақалалаты ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	лингвомәдени феномен ретінде қарастырылған. «Көк» концептісі қазақ халқының дүниетанымындағы этномәдени қолты, рухани-символдық жүйені және әлем бейнесін қалыптастырушы тілдік-танымдық бірлік екендігі нақты талдаулар арқылы дәлелденген. «Көк» түсінін семантикалық символдық және концептуалдық өрістері тарихи-мәдени санада орнытып, ұрпақтан ұрпаққа таымалданатын ұлттық код ретінде сипатталған. Тривиалды емес. Жана. Колдану ауқымы кең. Мақалаларда дәлелденген. 2-тұжырым. «Көк» түс атауының семантикалық трансформациясы, лексика-семантикалық даму кезеңдері және мәдени қабаттармен байланысы алғаш рет жүйеленіп, концептінің ұлттық-мәдени мазмұнын айқындайтын негізгі бағыттары анықталған. Түр-түс атауының символдық мәні тарихи таным, мифологиялық түсінік, табиғи кеңістік пен мәдени тәжірибе арқылы қалыптасатыны нақты мысалдармен дәлелденіп, оның когнитивтік модель ретіндегі қызметі ашылған. Тривиалды емес. Жана. Колдану ауқымы кең. Мақалада дәлелденген. 3-тұжырым. «Көк» концептісінің географиялық-мәдени кеңістікте (аспан, тау, дала, су, табиғи нысандар) қалыптасуы оның бүтінгі қазақ тіліндегі семантикалық өрісін, сондай-ақ геосимволикалық табиғатын айқындауға мүмкіндік беретіні дәлелденген. Концепт пен табиғи-географиялық кеңістіктің өзара сабақтасуы түркілік дүниетанымдары кеңістік моделінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылған. Тривиалды емес. Жана. Колдану ауқымы
--	---	--

			кен. Мақалада дәлелденген. 4-тұжырым. «Көк» лексемасының тарихи, этимологиялық және мифологиялық қабаттары зерттеліп, оның түркілік таным жүйесіндегі көне рәміздік табиғаты аңаш рет кешенді түрде талдастырылған. Концептінің мифологиялық мәнi («Көк Тәңірі», «көк бөрі», «көк түрік») мен ассоциациялық өрісін қалыптастыратын мәдени мәтіндер арасындағы байланыс нақты талдаулармен дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану ауқымы кен. Мақалада дәлелденген. 5-тұжырым. Поэтикалық дискурстағы «көк» концептісі метафоралық, символдық және бейнелік қызметі арқылы көркемдік-эстетикалық мәнге ие екені анықталған. Қазақ поэзиясында «көк» түсі арқылы аспан, үміт, рух, ерлік, тылым, уақыт сияқты абстракт ұғымдардың концептуалдануы көрсетіліп, поэтикалық мәтіндерге жасалған талдау нәтижесі концептінің көркемдік-когнитивтік жүктемесін дәлелдеген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану ауқымы кен. Мақалада дәлелденген. 6-тұжырым. Ономастикалық кеңістіктегі «көк» түсінің үлестірілімі мен қызметі (топонимдер, этнонимдер, гидронимдер, мифонимдер) ұлттық-танымдық жүйенің символдық құрылымдарын көрсететіні дәлелденді. «Көкше», «Көксу», «Көксарай», «Көктау», «Көктөбе», «Көкбөрі» сияқты атаулардың лингвомәдени табиғаты, олардың этностың тарихи жалындығы орны айқындалып, ономастикалық дискурста тән когнитивтік модельдері талданды. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану ауқымы кен.
--	--	--	--

		Мақалада дәлелденген. 7-тұжырым. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердегі «көк» түсінін ассоциативтік, эмоционалдык және символдык қызметтері этностың тілдік бейнесін құрайтын ұлттық-мәдени концептілер жүйесін толықтыратыны дәлелденген. «Көкжиегі кең», «көкке көтеру», «көкесі көрінді», «көк тыын», «көк аспан», «көк шегіртке» сияқты құрылымдардың мәдени мазмұны талданып, концептінің лингвомәдени жазуы прагматикалық сипаты көрсетілген. Тривиальды емес. Жана. Қолдану ауқымы кең. Мақалада дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдісменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ
	8.2 Диссертация нәтижелері технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерінің пайдалана отырып алынған: 1) иә

пайдалана отырып алынған:		
1) ия;		
2) жоқ		
8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік және зерттеулермен дәлелденген ғылымдар бойынша дарғау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденіп, расталған. Диссертацияда отандық лингвистер, тұлғалар пен тарихшылар А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, Ә. Қайдар, І. Кенесбаев, С. Қасқабасов, Н. Уәли, М. Жолдасбек, Р. Сыздық, Ж. Манкеева, А. Б. Сақынбай, Р. А. Авакова, Г. Н. Смағұлова, Б. М. Тілеубердиев, С. Қондыбай, Б. Қапиұлы, С. Исакова, М. Күштаева, А. М. Байғұтова, А. Ислам, Г. Қ. Рысбаева, Ж. Т. Исаева, Ш. Қ. Жаркынбекова, Қ. Қ. Саркенова, С. Айтказы, Ж. Қасқатаева, Р. Дәулетбекова, Н. Н. Антонова еңбектері басшылыққа алынған. Орыс ғылымдары Л. Н. Гумилев, Н. А. Баскаков, А. Н. Кононов, В. В. Радлов, А. М. Щербак, С. А. Аскольдов-Алексеев, Д. С. Лихачев, З. Д. Попова, Н. И. Стернин, А. Н. Морозовский, А. В. Вежбицкая, М. В. Никитин, Е. С. Күбракова, В. А. Маслова, В. Н. Телия, түрік ғылымдары Н. Вағдақтар, Ş. Şekip, М. Özmen, Zh. Oğuzbaу және т. б. басқа ғылымдардың негізгі теориялық көзқарастары мен қорытындыларын негізге алынған.	
Маньзылы мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішкінара расталған / расталмаған	Маньзылы мәлімдемелер негізінен нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы толық расталған, дәлелді.	
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторлардың электрондық дереккөздерді қосқанда 168 әдебиет көзі қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды рәсімдеуге	

		арналған талаптарға сай көрсетілген.
9	Практикалық құндылық принципі	Жұмыста теориялық маңызы бар нәтижелер мен оларға негізделген тұжырымдар келтірілген. 1) иә
	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә; 2) жоқ	Иә, диссертацияның нәтижелері қазақ тіліндегі лингвомәдени концепттерді зерттеу және білім беру, ономастикалық практикада қолдануға мүмкіндік береді.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ	Практикалық ұсыныстар толығымен жана, себебі автор «көк» концептісін зерттеу нәтижелерін білім беру, ономастика және мәдени зерттеулерде бұрын қолданылмаған тәсілдермен ұсынады.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады? 1) толығымен жана: 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы жоғары, мәтін ғылыми стильде, логикалық құрылым мен терминологиялық дәлдік сақталған.
11.	Диссертацияға ескертүүлەر	Диссертация жалпы ғылыми деңгейі жоғары, мазмұны жүйелі және концептологиялық талдау толық жүргізілген. Бірақ мына ұсынысты қоса кеткім келеді: «Көк» концептісін қазіргі медиада, жарнамада немесе саяси тілдегі қолданылуы туралы деректерді қосу зерттеудің практикалық құндылығын арттырады еді.

